

жеткіншектер мен жастардың сана-сезіміне, ақыл-ойына ықпал ету мүмкіндігіне зор үміт жүктеледі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Назарбаев Н.Ә. «Жас отан» жастар қанатының I съезінде сөйлеген сөзі //Егемен Қазақстан. – 2008, 16 мамыр.
2. Сейтешов А.П. Изменение профессиональных и нравственных ценностей молодежи Казахстана. – // Білім. Образование, 2005, №5.
3. Тесленко А.Н. Куда ведут реформы в образовании? //Білімдегі жаңалықтар, 2004, №1.
4. Журин А.А. Информационная безопасность как педагогическая проблема // Педагогика, №4.

ДИПЛОМАТИЯДАҒЫ БЕЙВЕРБАЛДЫ АМАЛДАР

*Түйте Е.Е., ф.ғ.к., доцент,
Кенжебеков А.Х., магистрант
Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ*

Бейвербалды амалдар қоғамда әртүрлі қызмет атқарады. Ол тілдік амалдарға көмекші құрал ретінде түрлі маңызды істердің шешімін табуға көмектесетін, сондай-ақ саясатта да ойды астарлап жеткізетін қатынас түрі екендігін білеміз. Әсіресе, дипломатиялық істерде бейвербалды амалдардың маңызы ерекше. Дипломатия – қоғамдық өмірде кездесетін күрделі саяси ұғым. Сондықтан жеке адамдардың да, жалпы қоғамның да өмірімен тікелей байланысты. Үлкен Кеңестік Энциклопедияда «дипломатия» сөзіне мынадай анықтама берілген: «Дипломатия – мемлекет басшыларының, үкімет пен арнайы органдардың мемлекеттің сыртқы саясатына негізделген ресми қызметі... Әдебиетте «дипломатия» сөзін «сыртқы байланыс туралы ғылым» немесе «келіссөз жүргізу өнері» ұғымында қарастырады» [1]. 1939 жылы жарық көрген «Дипломатия» еңбегінің авторы, ағылшын дипломаты және тарихшысы Гарольд Николсон: «Дипломатияның міндеті – егеменді екі мемлекет арасындағы саяси-қоғамдық байланысты келіссөздер арқылы орнату» - деп жазады. Г.Николсонның айтуынша, кез келген дипломат белгіленген халықаралық код (арнайы дәйексөздер, сөздер және сөз тіркестері) арқылы байланысқа түскенімен, кейде бірін-бірі түсінбей қалатын сәттер туындайды. Бұл олардың ұлттық ерекшеліктері, дүниетанымдары мен саяси қызметтеріне де байланысты болады.

Зерттеуіміздің негізгі нысаны саналатын бейвербалды амалдар, оның ішінде ым-ишаралар саясат саласында, әсіресе жоғарыда аталып өткен дипломатиялық қарым-қатынас шеңберінде өте маңызды орын алады. Кез келген дипломаттың, әсіресе президенттің имиджі оның көпшілік алдында өзін-өзі ұстау мәнері мен қарым-қатынас деңгейі арқылы көрінеді. Сондай-ақ әрбір саясаткердің өзіне тән қойылған дауысы, шешендік өнері және ым-ишараларды дұрыс қолдану қабілеті болуы тиіс. Келіссөзге қатысатын дипломат кездесуге дейін психологиялық және моральдік тұрғыда дайын болуы қажет. Ең алдымен талқыға түсетін мәселеге жіті мән беріп, түбегейлі зерттеу керек. Саяси келіссөзге қатысушылар үшін ортақ ереже біреу – мәселе жайлы неғұрлым көп білсең, соғұрлым шешімі де пайдаңа асады. Ежелгі заманның өзінде жақсы дипломат болу үшін адамнан жан-жақты білім талап етілген. Аристотель «Риторика» еңбегінде болашақ дипломат меңгеруі тиіс бірнеше ғылымның тізімін көрсетеді. Ежелгі грек дипломаттары ағымдағы саяси мәселелерді ғана емес, география, тарих, экономика, әскери іс және көсемсөз өнерін жетік меңгергеннен кейін ғана саяси істерге араласатын болған [2].

Жоғарыда атап өткеніміздей, әрбір саясаткердің басқару ісінде ым мен ишараның қолданылуы саяси заңдылық. Себебі ым-ишаралардың бұқаралық сипаты басым. Сондай-ақ ым мен ишарада уақыт пен кеңістік ұғымы бар. Осы орайда ым-ишаралардың қазіргі заманғы дипломатиялық көрінісін ашу үшін ru.euronews.com, [The Daily Mail](http://TheDailyMail.com) сынды ресми сайттар мен Youtube әлеуметтік хостингінен бірнеше фото-видео материалдарды сараптап, әлемдік саясаткерлердің қоғамдық қызу талқыға түскен ым-ишараларын, олардың ерекшеліктерін интерпретациялауға тырыстық.

2015 жылдың мамыр айында Рига қаласында өткен «Шығыстық әріптестік» саммитінде сол кездегі Еурокомиссия төрағасы Жан-Клод Юнкер көпшілікті «дөрекі» ишарасымен таң қалдырды. 1-суретте көрсетілгендей Юнкер мырза Венгрия премьер-министрі Виктор Орбанмен кездесуі кезінде алдымен оң қолының алақанын ашып: «Диктатор келе жатыр! Сәлем, диктатор!» - дейді

де (1-сурет), кейін сол қолымен шапалақпен бетінен ұрғандай ишара көрсетеді (2-сурет). Венгрия үкіметінің басшысы бұл «дәрекілікті» күліп қабылдағанымен, көпшілік мұның астарында саяси шындық барын біразға дейін талқылады. Бірақ, Жан-Клод Юнкер «дәрекі» ишараларды ғана емес, оның «сыпайы» түрін де білдіре алатынын көрсетті. Еурокомиссия төрағасы аталмыш саммиттің ресми кездесуінде сол кездегі Украина премьер-министрі Арсений Яценюкті маңдайынан сүйіп, жылы қабылдаған болатын (3-сурет). «Бұл жылы шырай Еурокомиссияның Украинадағы саяси-қоғамдық жағдайға байланысты өзіндік аяушылық пен мейірім білдіруі» деп топшылады көпшілік. Ал, осы жағдайға байланысты Ресей Мемлекеттік Думасының депутаты, белгілі саясаттанушы Алексей Пушков кері пікірде. Оның ойынша, Ригадағы саммит нәтижесі Яценюкті маңдайынан сүйіп қарсы алғаннан басқа Украина үшін ешқандай жетістік әкелген жоқ. Қалай десек те, Еурокомиссия төрағасы Жан-Клод Юнкер түрлі сипаттағы ишараларды өзінің дипломатиялық қызметінде кең қолданатыны біздің назарымыздан тыс қалған жоқ.



1-сурет.



2-сурет.

Еурокомиссия төрағасы Ж.Юнкер мен Венгрия премьер-министрі В.Орбанның кездесуі.
Рига, 2015 жыл.



3-сурет.

Еурокомиссия төрағасы Ж.Юнкер мен Украина премьер-министрі А.Яценюк.
Рига, 2015 жыл.


Жан-Клод Юнкердің қатысуымен орын алған тағы бір жағдай оның Еурокомиссия төрағасы қызметінде ең алғаш Ұлыбритания премьер-министрі Дэвид Кэмеронмен кездесуінде болды. Дэвид Кэмерон Жан-Клод Юнкермен кездесу барысында алақаны ашық күйде оң қолын көтеріп, «бесті әкел» мағынасындағы ишара жасайды. Әріптесі оған да дәл сондай ишарамен жауап қайырады (4-сурет). Белгілі саясаттанушылар мен бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері бұл ишара «сәлемдесуден» гөрі, «татуластық» ұғымын білдіргендігін жарыса жазды. Себебі, Ұлыбритания үкіметінің басшысы Д.Кэмерон осыған дейін Жан-Клод Юнкердің Еурокомиссия төрағалығына тағайындалуына ашық қарсылық білдіргендердің бірі болған еді. Суретте байқағанымыздай, «бесті әкел» ишарасы осы олқылықтың орнын толтырып, бейбіт келісім мен татулықтың белгісін білдіруде.



4-сурет.

Еурокомиссия төрағасы Ж.Юнкер мен Ұлыбритания премьер-министрі Д.Кэмеронның кездесуі. Брюссель, 2014 жыл.

Қоғамның талқылауына түскен дипломатиялық кездесулердің бірі 2015 жылдың желтоқсан айында орын алған еді. Сол кездегі АҚШ-тың вице-президенті Джо Байден Украинаға жасаған ресми іс-сапары аясында мемлекет басшысы Петр Порошенкомен кездесуінде көкірек тұсына көтерілген қос қолының ортаңғы саусақтарын сұқ саусақтарымен айқастырып, ишара жасайды. Бұл ишараға П.Порошенконың көңілі толмағанын жүзінен анық көруге болады (5-сурет). АҚШ вице-президентінің бұл ишарасына түрлі пікір айтылды. Кейбіреулер мұның астарында магиялық, тіпті масондық ұғым жатыр десе, кейбіреулер бұл украиндерде жәбірлеу мәніндегі қолын шығару (дуля) ишарасы дейді. Ал, енді кейбір сарапшылар неміс психологы Вера Биркенбилдің пайымына сүйене отырып, тігінен айқастырылған саусақтар зор басымдықтың белгісі екенін алға тартады [3]. Түрлі пікірлерге қарамастан Джо Байденнің бұл ишарасы әлі де нақты мәнін тапқан жоқ.



5-сурет.

АҚШ вице-президенті Д.Байден мен Украина президенті П.Порошенко кездесуі.
Киев, 2015 жыл.

Дипломатиялық кездесулерде бейвербалды амалдардың маңызды орын алып, кейде шешуші саяси мәнге ие болатынына көпшілік жақында тағы бір көз жеткізді. 1928 жылдан бері бірде-бір АҚШ президенті аяқ баспаған Куба еліне 2016 жылдың 21 наурызында Ақ үйдің қазіргі басшысы Барак Обама тарихи іс-сапармен барған еді. Кездесудің негізгі мақсаты – тоқсан жылға таяу уақытқа созылған екі ел арасындағы конфронтацияға тоқтау салып, дипломатиялық қарым-қатынасты жандандыру болатын. АҚШ президентінің екі күндік іс-сапары аясында мемлекет басшыларының бірлескен баспасөз конференциясында ыңғайсыз жағдай орын алды [4]. Сөз сөйлеп болғаннан кейін Барак Обама Куба көшбасшысының иығынан қаққысы келгендей қолын сермегені сол еді, Рауль Кастро АҚШ президентінің білегінен ұстап, оның қолын жоғары көтеріп жіберді (6-сурет). Ақ үй басшысы бұл ыңғайсыздықты күліп қабылдады. Батыстық БАҚ, оның ішінде The Daily Mail басылымы Р.Кастро бұл әрекеті арқылы екі елдің бірлігін көрсеткісі келді десе [5], америкалық басылымдар құрметсіздік ретінде қабылдап, келемеж сурет (карикатура) жариялаған болатын. Ал, жоғарыда есімі аталған белгілі саясаттанушы Алексей Пушков Р.Кастроның осы әрекетіне қатысты: «...Бұл ұсақ-түйек емес. Бұл егемендікке қатысты» - деп пікір білдірген еді. Сырттан қарағанда бұл ишара екі ел арасындағы саяси достықтың әлі де болса толыққанды орын алмағанын аңғартатындай, ал Куба көшбасшысы бұл ойын бейвербалды әрекеті арқылы білдіргісі келгендей.



АҚШ президенті Б.Обама мен Куба көшбасшысы Р.Кастро. Гавана, 2016 жыл.

Жоғарыда көрсетілген фото-бейне материалдарды талдай келе, қарым-қатынас кезіндегі бейвербалды амалдар саясат сахнасында маңызды орын алып, дипломаттар жайлы кең мағлұмат беретініне көз жеткіздік. Сондай-ақ бейвербалды коммуникация ұлттық болмыс пен мәдени ерекшеліктерге байланысты әртүрлі болатынын аңғардық. Сондықтан болар, бұл ерекшеліктер саясаткерлердің де қызметі барысында байқалып, саяси өмірде көрініс береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Большая Советская Энциклопедия [Электронный ресурс]
URL: <http://bse.sci-lib.com> (қаралған күні: 11.09.2016).
2. Пеке А. Рассуждение об искусстве переговоров / пер. с фр. Л. Сифуровой. – М.: Научная книга, 2004. – 192 с.
3. «Глобус Украины» порталы. - <http://zaua.org/> (Соңғы қаралған күні: 11.09.2015).
4. Youtube [Ғаламтор ресурсы].- www.youtube.ru . – Кіру режимі: еркін. (Соңғы қаралған күні: 12.09.2016).
5. The Daily Mail - <http://dailymailnews.com/> (Соңғы қаралған күні: 13.09.2016).

АДАМ АТА ЖӘНЕ ХАУА АНА АҢЫЗЫНЫҢ МИФОЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ИНТЕРПРЕТАЦИЯСЫ

*Хасенов Б.Р., ғылым магистрі, оқытушы,
Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ*

Тіл – халық өмірінің айнасы. Тілде халықтың тарихы, салт-дәстүрі, өнегесі, тәрбиесі көрініс береді. Қазіргі таңда тілді зерттеуде лингвистика ғылымында әр түрлі бағыттар қалыптасты. Мысалы, этнолингвистика саласы тілімізде қалыптасқан мақал-мәтелдердің, тұрақты сөз тіркестерінің пайда болу мотивтерін халықтың салт-дәстүрімен, ата кәсібімен байланысты қарастырады. Бір ғана мысалмен көрсететін болсақ, ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің деген сөздің тәрбиеге қатысты айтылатынын баршамыз білеміз. Алайда бұл сөздің қалай пайда болғандығын көбіміз біле бермейтініміз аян. Бұрындары аңшылар бүркіттің балапанына түлкінің, қоянның, т.б. етін әдейі апарып, оны сол құстың не аңның етімен жемдеген. Себебі бүркіт осы аңдардың кейбіреуін ұстап, балапынын қоректендірмеуі мүмкін. Ал қоянның не басқа аң-құстың етін жемеген балапан оны ешқашан ауламаған. Осыны білген аңшылар балапанды кішкентайынан әр түрлі аң-құстың етімен баулыған. Сонда ұяда көргенін ұшқанда іліп отырған. Бұл сөз кейін адамға қаратыла айтылып, әу бастағы мағынасы ұмыт болып, тек тұрақты айтылым ретінде тәрбиеге қатыстылығы тілімізде сақталып қалған. Тілдің бұлай талдануы тіл білімінің жаңа бағыттарымен байланысты болып табылады. Қазіргі кезде тіл білімі өзге ғылым салаларымен интеграцияға түсіп, когнитивті лингвистика, психолінгвистика, лингвомәдениеттану, т.б. салалар туындады.

Осы ғылым салаларының жетістіктерін пайдалана отырып, біз тілдегі көптеген проблемаларға дендей аламыз. Осы мақалада Адам ата мен Хауа ана аңыздарының кейбір детальдарына тоқталып, қазақ тілінде кездесетін тұрақты сөздердің астарын жаңа салалардың негізінде қайтадан сарапқа саламыз.

Абайдың «Сұрғылт тұман дым бүркіп» атты аударма өлеңінде ақынның өз жанынан қосқан мынадай жолдар бар: